



## БҰЙРЫҚ

29.03.2023 он

Нұр-Сұлтан қаласы

## ПРИКАЗ

№

40-0

город Нур-Султан

### Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кейбір мәселелер туралы

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Республикалық қала құрылысын жоспарлау және кадастр орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – «Мемқалақұрылыскадастры» РМК) 2023 жылғы 09 қаңтардағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарының 1-тармағын орындау үшін **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша кейбір мәселелер туралы» «Мемқалақұрылыскадастры» РМК-ның 2018 жылғы 19 қыркүйектегі №89-ө бұйрығымен бекітілген Алаяқтыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына өзгерістер енгізілсін.

2. «Мемқалақұрылыскадастры» РМК-ның Алаяқтыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл нұсқаулығы және Мүдделер қақтығысының алдын алу саясаты осы бұйрыққа 3, 4 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

3. «Мемқалақұрылыскадастры» РМК жұмыскерлері осы бұйрықтан туындайтын тиісті шараларды қабылдасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бас директор



Т. Мусабаев

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі  
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің  
«Республикалық мемлекеттік қала құрылысын жоспарлау және кадастр  
орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік  
кәсіпорнының («Мемқалақұрылыскадастры» РМК)  
**мүдделер қақтығысының алдын алу саясаты**

## 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Республикалық мемлекеттік қала құрылысын жоспарлау және кадастр орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – Кәсіпорын) Мүдделер қақтығысының алдын алу саясаты (бұдан әрі – Саясат) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ заңына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, Кәсіпорынның Жарғысына және өзге де ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Саясат – Кәсіпорынның мүдделер қақтығысын анықтау және тиісті түрде реттеу мақсатында әзірленген Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің «Республикалық мемлекеттік қала құрылысын жоспарлау және кадастр орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – Кәсіпорын) ішкі құжаты.

3. Саясат мүдделер қақтығысының жағдайларын, олардың алдын алу және реттеу шараларын, сондай-ақ мүдделер қақтығысын басқару процесіне қатысушылардың барлығының жауапкершілігін анықтайды.

4. Саясаттың ережелері атқаратын лауазымының деңгейіне және атқаратын функцияларына қарамастан Кәсіпорынның барлық жұмыскерлері орындауы және сақтауы үшін міндетті болып табылады.

## 2. Негізгі терминдер мен анықтамалар

5. Саясатта мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) **мүдделер қақтығысы** – Кәсіпорынның лауазымды тұлғасы мен жұмыскерінің жеке мүддесі олардың шешім қабылдауына және лауазымдық міндеттерін атқаруына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдай;

2) **жеке мүдделілік** – лауазымдық міндеттерін атқару кезінде үшінші тұлғалардан ақша, құндылықтар, мүліктік сипаттағы өзге де мүлік немесе көрсетілетін қызметтер, өзі үшін және/немесе жақын туыстары үшін өзге де мүліктік құқықтар түріндегі кірістерді алуда көрініс табатын материалдық

немесе өзге де мүдделілік;

3) **Лауазымды тұлға** - Кәсіпорында ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша жүзеге асыратын не орындайтын тұлға, сондай-ақ Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары;

4) **Кәсіпорынның жұмыскері** – жұмыс берушімен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты орындайтын жеке тұлға;

5) **Кәсіпорынның бөлімшелері** – орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелері, барлық өңірлік филиалдар;

6) **мүдделер қақтығысын реттеу** – рәсімдер кешенін жүзеге асыру және мүдделер қақтығысының алдын алуға және реттеуге бағытталған тетіктерді құру процесі;

7) **жақын туыстар** – ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер (аға-қарындастар), ата, әже, немерелер, жұбайының (зайыбының) жақын туыстары.

### 3. Мүдделер қақтығысының туындау жағдайлары

6. Мүдделер қақтығысына алып келуі мүмкін жағдайларға мыналар жатады:

1) Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері олардың жақын туыстары атқаратын лауазымдарға тікелей бағынышты лауазымдарды атқарады;

2) Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері немесе олардың жақын туыстары Кәсіпорынмен байланысты азаматтық-құқықтық шарттарды жасасу және орындау кезінде кез келген материалдық немесе жеке пайдаға немесе мүдделілікке ие болуы немесе болуы мүмкін.

3) Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері олардың жұмысын бағалау, сыйақы төлеу немесе өздеріне қатысты өзге де мәселелер бойынша талқылауға немесе шешім қабылдауға қатысады;

4) Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері өздерінің лауазымдық міндеттерін жеке пайда алу мақсатында пайдалануға мүмкіндік береді.

7. Осы Саясаттың 3-тармағының 6-тармақшасында көрсетілген мүдделер қақтығысының жағдайлары жеткілікті болып табылмайды. Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері мүдделер қақтығысының болуын белгілеу үшін осы Саясаттың 2-тармағында келтірілген мүдделер қақтығысын айқындауды басшылыққа алуға тиіс.

### 4. Мүдделер қақтығысының алдын алу

8. Мүдделер қақтығысының алдын алу және болдырмау мақсатында Кәсіпорынның жауапты құрылымдық бөлімшелері:

1) жұмысқа қабылдау, лауазымын жоғарылату немесе лауазымдық міндеттерін өзгерту кезінде - тікелей басшымен немесе байланысты

функцияларды орындайтын адаммен тікелей туысқан жұмыскерлерді лауазымға тағайындаудан аулақ болуға;

2) жұмысқа қабылдау кезінде Кәсіпорынның әрбір лауазымды тұлғасы мен жұмыскерін осы Саясатпен таныстыруды қамтамасыз етуге;

3) Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің құқыққа қайшы, жосықсыз немесе құзыретінсіз қызметін анықтауға және жолын кесуге бағытталған, оның ішінде өзінің қызметтік жағдайын заңсыз пайдалану нәтижесінде материалдық пайда түрінде қосымша табыс алатын алдын алу-профилактикалық іс-шаралар мен қызметтік тексерулер жүргізуге;

4) Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлеріне осы Саясатты жеткізуге бағытталған тұрақты түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

5) қызметті жүзеге асыру процесінде құпия ақпараттың сақталуын қамтамасыз етуге;

6) ішкі бақылауды жүзеге асыруды қамтамасыз етуге міндетті;

7) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген тәртіппен Саясатта белгіленген талаптар мен шектеулерді сақтамағаны үшін тәртіптік жаза түрлерін белгілейді.

## **5. Мүдделер қақтығысын анықтау тәртібін белгілеу**

9. Кәсіпорын бөлімшелерінің лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері өз қызметіндегі мүдделер қақтығысын уақтылы анықтауды және оларды жою жөнінде шаралар қабылдауды қамтамасыз етуге тиіс.

10. Мүдделер қақтығысының кез келген ықтималдығына мұқият болу.

11. Мүдделер қақтығысы туындауының кез келген ықтималдығын болдырмау жөнінде шаралар қабылдау.

12. Мүдделер қақтығысын реттеу мақсатында жұмыскер сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің (бұдан әрі - сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет) функцияларын жүзеге асыратын, мүдделер қақтығысының болуы немесе туындауы туралы мәліметтерді жазбаша нысанда қабылдауға жауапты құрылымдық бөлімшені дереу хабардар етуге міндетті.

13. Мүдделер қақтығысын анықтау фактісін қарау рәсімін бастау үшін қақтығысқа қатысушының мәлімдемесі немесе мүдделер қақтығысы туралы ақпарат негіз болады.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет алған ақпаратты осы уәкілетті құрылымдық бөлімшеге жетекшілік ететін Бас директордың орынбасарына береді. Бас директордың жетекшілік ететін орынбасары келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

1) жұмыскерлердің лауазымдық міндеттерін атқаруы кезінде мүдделер қақтығысының жоқтығын;

2) жұмыскерлердің лауазымдық міндеттерін атқаруы кезінде мүдделер қақтығысының болуы немесе туындауы мүмкін екендігін. Бұл жағдайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке Бас директордың орынбасары мүдделер қақтығысын реттеу немесе оның туындауына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдауды ұсынады;

- 3) алынған ақпаратты тәртіптік комиссияның қарауына береді;
- 4) Кәсіпорын жұмыскерлерінің осы Саясаттың 7-тармағын сақтамағанын мойындау. Бұл жағдайда Бас директордың орынбасары Бас директорға мүдделер қақтығысын шешудің нақты шарасын қолдануды ұсынады. Мүдделер қақтығысын реттеу бойынша түпкілікті шешімді Кәсіпорынның Бас директоры қабылдайды.

15. Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің туындаған немесе ықтимал мүдделер қақтығысын есепке алу сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке жүктеледі. Мүдделер қақтығысын есепке алуды жүргізу процесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет мүдделер қақтығысын ашатын және бағалайтын материалдарды, сондай-ақ оларды реттеу туралы шешімдерді қоса алғанда, мәліметтерді жинауды, сақтауды және мониторингілеуді жүргізеді.

## **6. Мүдделер қақтығысын реттеу шаралары**

16. Келіп түскен ақпаратты Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Кәсіпорын үшін туындаған салдарды бағалау және мүдделер қақтығысын реттеудің қолайлы шарасын таңдау үшін мұқият тексереді.

17. Жұмыскерден ұсынылған ақпарат негізінде Кәсіпорын жағдай мүдделер қақтығысы емес және соның нәтижесінде реттеуді қажет етпейді деген қорытындыға келуі мүмкін.

18. Мүдделер қақтығысы жағдайында келесі реттеу шаралары қолданылады:

1) Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің жеке мүдделерін қозғауы мүмкін ақпаратқа қол жеткізуін болдырмау;

2) Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерін олардың келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен басқа лауазымға ауыстыру;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің өкілеттіктерін тоқтату;

4) Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің функционалдық міндеттерін қайта қарау және өзгерту;

5) егер олардың жеке мүдделері қызметтік міндеттеріне қайшы келсе, Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерін атқаратын лауазымынан уақытша шеттету;

6) Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерін мүдделер қақтығысы әсер етуі мүмкін мәселелер бойынша шешімдер қабылдау процесіне қатысудан ерікті түрде бас тарту, шеттету (тұрақты немесе уақытша);

7) Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің Кәсіпорынның мүдделерімен қақтығысқа әкелетін өзінің жеке мүддесінен бас тартуы;

8) Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерін өз бастамасы бойынша жұмыстан шығару;

9) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс берушінің бастамасы бойынша лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлерді жұмыстан шығару.

19. Мүдделер қақтығысын реттеудің көрсетілген шараларының тізбесі жеткілікті болып табылмайды. Әрбір нақты жағдайда мүдделер қақтығысын шешудің басқа шаралары мен тәсілдері қолданылуы мүмкін. Әрбір нақты мүдделер қақтығысының мән-жайларын ескеру қажет.

20. Мүдделер қақтығысын реттеу кезінде қақтығысты реттеудің ең оңтайлы әдісін таңдау керек. Қатаң тәсілдерді осы Саясаттың 6-тармағының 19-тармақшасына сәйкес шаралар тиімсіз болған жағдайда айқындау қажет.

## **7. Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің міндеттері**

21. Осы Саясатта мүдделер қақтығысының алдын алу және болдырмау мақсатында Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің келесі міндеттері бекітілген:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын және Кәсіпорынның ішкі құжаттарын сақтау;

2) Саясатта көзделген қағидалар мен рәсімдерді сақтау;

3) мүдделер қақтығысына әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттер жасаудан және шешімдер қабылдаудан бас тарту;

4) туындаған немесе ықтимал мүдделер қақтығысын ашу;

5) мүдделер қақтығысын реттеу және алдын алу;

6) өзінің іскерлік беделіне, Кәсіпорынның және оның басқа лауазымды тұлғаларымен іскерлік беделіне нұқсан келтірмеу үшін өзінің лауазымдық міндеттерін орындау;

7) мүдделер қақтығысының туындауына әкелуі мүмкін жағдайлардың пайда болуы туралы дереу хабардар ету;

8) лауазымдық міндеттерін еркін және адал атқаруға кедергі келтіретін жағдайлардың туындағаны туралы хабарлау;

9) мүдделер қақтығысын есепке алуды жүргізуге жауапты тиісті тұлғаға өз функцияларын жүзеге асыруда жәрдем көрсету;

10) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Кәсіпорынның қызметі туралы ақпаратты ашуды жүзеге асыру.

## **8. Кәсіпорынның лауазымды тұлғаларының және жұмыскерлерінің жауапкершілігі**

22. Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері осы Саясаттың ережелерін сақтауға дербес жауапты болады.

23. Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу жөнінде шаралар қолданбағаны үшін тәртіптік жауапкершілікте болады.

24. Егер мүдделер қақтығысының алдын алу немесе реттеу жөніндегі жұмыста Кәсіпорынға залал келтіруге әкеп соққан Қазақстан Республикасы

заңнамасының, сондай-ақ қолданыстағы Саясаттың талаптарын бұзуға жол берілсе, мұндай бұзушылыққа кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапқа тартылады.

## **9. Қорытынды ережелер**

25. Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері осы Саясаттың ережелерін мұқият зерделеуге, түсінуге және қатаң сақтауға міндеттемелерді қабылдайды.

26. Саясат Кәсіпорынның бас директоры оны бекіткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

27. Осы Саясатқа енгізілетін өзгерістер/толықтырулар оны Кәсіпорынның бас директоры бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

Қосымша

20 \_\_\_\_ жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_  
Мүдделер қақтығысының алдын алу  
саясатына қосымша

Растау

Мен, \_\_\_\_\_ (ТАӘ,  
лауазымы) Мүдделер қақтығысының алдын алу саясатын (бұдан әрі – Саясат)  
мүқият зерделеп, түсінгенімді растаймын және адал ұстануға міндеттенемін.

*Ескертпе:* Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Республикалық мемлекеттік қала құрылысын жоспарлау және кадастр орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері Кәсіпорынның Қызметкерлерді басқару және құқықтық қамтамасыз ету бөліміне жұмыскерлер Саясатты қабылдаған күннен бастап, ал жұмысқа алынғандар Кәсіпорында еңбек және (немесе) лауазымдық міндеттерді орындау сәтінен бастап толтырылған және қол қойылған нысанын жіберуге міндетті.

\_\_\_\_\_ (күні)

\_\_\_\_\_ (қолы)